

П. Дороховтан

БОЛЬШЕВИК БАЛАСЫ

Бірінші тарау

1

Атасының кеткеніне біраз болып қалды. Мишка атасының суретін қарап отырып-отырып ұлken кісідей күрсінді.

— Апа, атам қашан келеді!? Сағындым,— деді.

Мишка апасының сөзіне нанды. Атам жуырда келіп қалады ғой деп күтіп жүрді.

2

Бір күні түнде қатты есік қаққан дыбыс естілді. Мишкиның апасы тәсектен ұшып тұрып, шапанын жамыла салып, есікті ашты. Үйге алдында офицер, онан кейін мылтық ұстаған солдаттар сау етіп кіріп келді. Солдаттар келе-ақ тәсек-орынды, сандықты ақтарып, апалаң-топалаң қылды. Тарс-тұрс, ерсілі-қарсылы сапырылышып, еденге былш-былш қақырынып, сінбіріп, самбырлап сөйлесіп, үйді бастиарына көтерді.

Мишка оянып, көрпеден басын қылтитып қарап жатыр.

Офицер биік үстел үстінде тұрған Мишкиның атасының суретін көріп, жиіркеніп, бет-аузын тыржитып барып суретті қолына алды.

— А-а, батырдың өзі ғой!— деді. Мишкиның апасы офицерге:

— Суретке тименіз. Сізге оның керегі жоқ қой,— деді.

Офицер қабағын керіп, келемеж қылышп күліп:

— Бұл сасық сізге неменеге керек?— деді.

Мишкиның апасы ыза болып, ерні дірілдеп, көзі мөлтілдеп жасқа толды.

Мишка тәсегінен көйлекшең атып тұрып, апасының жанына келіп, құйтымдай жұдырығын түйіп, офицерге:

— Апама тиме! — деп айқай салды.

Офицер:

— Мына бокмұрынды қара! — деп қарқылдап күліп, Мишканың мұрнын қысты.

Мишкa әрі мұрны ауырып, әрі ызаға шыдамай жылап қоя берді. Аяғымен еденді теуіп қалып, офицерге:

— Ақымак! Шық үйден! — деді.

Солдаттар кеткен соң, апасы Мишканы алдына алып құшақтап, көпке дейін жылап отырды. Мишкa аласына:

— Жылама, апа. Атам келген соң, бәрін атама айтамыз, — деп жұбатты.

3

Бір күні апасы бір жерге барып келемін деп кетті. Үйге қуанышты болып қайтты. Келе-сала Мишканы алдына алып сүйді.

— Құлыным-аяу, құлыным. Атаң тірі екен. Мен жаңа ғана біліп келдім.

— Қайда екен?

Апасы еңкейіп Мишканың құлағына сыйырлады:

— Большевиктермен кетіпті.

Мишкa большевиктердің кім екенін, атасының неге кеткенін, бәрін білген кісісініп басын изеді.

— Атам келе ме екен?

— Келеді, қалқам, келеді. Бірақ, қалқам, ақылды бол. Атаңның қайда кеткенін тірі жанға тісіңнен шығарма.

Мишкa басын изеді. Эрине, ол біреу бұрау салып сұрасада, атасының большевиктермен кеткенін айтпақ емес.

4

Тұрмыс күннен күнге ауырлай берді. Апасы Мишкага сүт сатып алып ішкізуі қойды.

Бір күні Мишкa сүтті тым аңсады.

— Апа, біз неге шайды қарадай ішеміз, неге сүт сатып алмаймыз? Менің сүт ішкім келеді! — деді.

Апасы күрсініп:

- Ақша жоқ, қарағым,— деді.— Осы күні қызметім жоқ.
Бір орынға кірсем, ақша болады.
- Сонда сұт сатып аласың ба?
- Алам, қарағым.
- Ендеше тезірек бір қызмет тапсаңшы.

5

Бір күні апасы ертемен кетіп, кешке бір-ақ қайтты. Үйге жадырап құліп кірді.

- Мишка-тай, мен қызмет таптым, енді саған сұт сатып алдып беріп тұрамын.
- Қызметті қайдан таптың?
- Кооператив дүкеніне қызметкө кірдім.

Содан байлай Мишканың апасы кооператив дүкенінде қызмет қылатын болды. Енді Мишка да күн сайын сұт ішетін болды.

Бірақ бір күні анасы жұмыстан жабыңқы болып қайтты, ертеңіне жұмысқа бармады.

Мишка таң болып апасына:

- Апа, кооперативке неге бармайсың?— деп сұрады.
- Жай, қарағым.
- Басың ауыра ма?
- Жоқ, жаным.

Мишка апасының көзі мөлтілдеп жасқа толып тұрғанын көрді. Жылағанын Мишка көрмесін деп апасы теріс қарады. Мишка апасының алдына отырып, мойнынан құшақтап:

- Апа, айтшы, неге жылайсың? Саған біреу тиді ме?— деді.

Апасы Мишкаға: «Сенің байың большевик» деп әкімдердің өзі қызметтен шығарып тастағанын айтты.

- Әкімдер дегенің кім? Ең үлкен әкім кім?

– Колчак.

Мишка қабағын түйіп, ішінен: «Асықпа, бәлем. Өскен соң Колчак біткеннің мойнын үзермін» деді.

Қызметтен шығып қалған соң апасы жаман жасыл сандықты әлсін-әлсін актарып, базарға киім-кешек шығарып сататын болды. Сол ақшаны тамаққа жұмсады. Мишкаға сүт те сатып алып тұрды.

Бір күні апасы Мишкаға:

— Көр-жердің бәрін сатып, бұл қаладан кетпесек болмайды,— деді.

— Қайда кетеміз?

— Басқа бір қалаға барамыз. Онда, бәлкім, атаңнан хабар алармыз. Мишка қуанып:

— Жарайды, апа, тезірек кетейік,— деді.

Апасы көйлек-көншек сықылды нәрселерді бір қолтық қылып буып, базарға кетті. Сатып, жолдық ақша қылып алып, тұнде биржевой жалдалап, Мишкамен екеуі кемеге мініп жүріп кетті.

Екінші тарау

Мишка үлкен кемеде ойнап жүгіріп жүр. Бір асқа түседі, бір үске шығады Кеме өткір тұмсығымен суды тіліп жүріп барады. Толқындар аузынан ақ көбігі шұбырып кеменің темір тұмсығын, төсін жалайды. Кеменің тап тұмсығында көк көйлекті біреу тұр. Қолындағы ұзын сырықты әлсін-әлсін суга малып, тартып алып:

— Төрт!.. Төрт жарым!.. Төрт жарым!.. Бес...— деп айқай салып тұр.

Кеменің ішінде төменде темір тормен қоршалған бір ор бар. Орда жарқ-жүрқ еткен үлкен бір дөнгөлек зуылдан айналып тұр. Торға жақын баруға қорқады.

Мишкамен қатар ұзын бойлы қара сақалды біреу тұр. Мишка бұрын көрген адам емес. Түрі ашулы адам сықылды, бірақ көзқарасы жылы.

— А, балақай, неге жақын тұрмайсың? Қорқасың ба?

Мишкa:

– Иe, қоркам,— дедi.

Жат адам қолынан ұстап Мишканы тордың жанына алып барды. Ордың түбінде, зуылдаған дөңгелектің жанында қолында шүберек ұстаған бір адам жур. Көмір сататын көмірші сықылды бет-аузы қап-қара.

Мишкa:

– Ағай, мынау көмірші ғой, ие, – дедi.

Ағай күліп жіберді.

– Жоқ, бұл – машинеші, мынау машинаны басқарып кемемізді жүргізіл отырған осы кісі.

Мишкa:

– Менің атам да машинеші едi, – дедi.

– Атаң қайда?

Мишка жанындағы ағайға жалт қарады. «Атаңның қайда екенін ешкімге айтпа» деген апасының сөзі есіне түсе қалды. Ағай Мишканға жылы жүзбен қарап, күліп, Мишканы еркелетіп басынан сипап тұр.

«Жақсы кісі ғой. Айтсам айттайыншы» деп ойлады да Мишкa:

– Атам большевиктермен кетті. Анау күні түнде біздің үйге солдаттар келді. Апама ақырды. Апам түн бойына жылады. Біз енді басқа қалаға бара жатырмыз, – дедi.

– Атың кім?

– Мишкa.

– Атаң аты кім?

– Дмитрий Иванович Киселев.

Жат ағай Мишканы тағы басынан сипап еркелетіп:

– Бар, Мишкa, апаңа бара ғой. Апаң қайда? – дедi.

– Жоғарыда.

Мишкa жүгіріп жоғарыға шығып кетті.

Ұзамай ұзын бойлы адам да жоғарыға шықты. Кеменің үстін айналып жүрді де, анасымен отырған Мишканы көріп, анадай жерге барып, сүйеніп тұрды. Оны көре салып, Миш-

ка жанына келіп, төменге қарады. Төменде ылғи мұжықтар отыр. Бәрінің жанында бірдене салған қапшықтары бар.

Мишкa:

- Ағай, мыналар қайда барады? – деді.
- Жұмыс іздел қалаға барады.
- Неге?
- Тамақ керек. Ақша табу керек. Нан сатып алу керек.
- Үйлерінде наны жоқ па еken?
- Жоқ болғаны ғой.

Мишкa томсарып, ойланып тұрды.

- Анау отырған сенің апаң ба?
- Ие.

Ұзын бойлы адам Мишканың анасының жанына барып отырды. Мишкaға қарап басын изеп:

– Қылықты, зерек бала еken. Бар нәрсені сұрап білуге ынталы, – деді. Мишаның апасы күлімсіреді.

– Жолыңыз оң болсын, қайда барасыз?

Әйел бара жатқан қаласын айтты.

– Онда туыстарыңыз бар ма?

Әйел:

- Жоқ, – деп күрсініп, басын шайқады.
- Болмаса, таныстарыңыз бар шығар?
- Жоқ.
- Олай болса, мен сізге бір таныс кемпірдің тұрағын жазып берейін. Соған барып түсініз.

Мишканың апасы жат адамға құдіктеніп қарады. Жат адам құдікті көзқарасты байқады да, әйелдің жанына жылжып жақындалп отырып, күбірлеп былай деді:

– Жай әншейін сөйлескен болып отыра беріңіз.. Мен ерініздің жолдасымын.

Әйел сұрланып, бозарып кетті. Сыбырлап:

- Тірі ме? Тірі ме? – деді.
- Тірі. Большевиктермен бірге шегініп, Ресейге кетті.
- Рас па? Дұрыс па?
- Ие. Ақтардан шегінгенде, мен сіздің ерінізben бірге едім. Ол кемеге мініп кетті. Мен үлгіре алмай қалдым. Енді, міне, ақтардың арасында жасырынып жүрмін.

Әйел жат адамға тағы қарады.

– Менің кім екенімді сіз қайдан білдіңіз?

Жат адам күліп, Мишаға қарап басын изеп:

– Өзінің атын да, атасының атын да маған Мишка айтты,— деді.

Апасы Мишканы құшақтап, көкірегіне қысты.

Жат адам қалтасынан қағаз, қарындаш алып, бірдене жазып, Мишканың анасына берді.

– Міне, әлгі таныс кемпірімнің тұрағын жаздым. Тура соған барып түсініз. Жайлыш қоныс болады.

Жат адам осылай деп тұра келіп, Мишканы басынан сипап еркелетіп, төменге түсіп кетті.

Үшінші тарау

1

Мишка мен апасы енді Анна кемпірдің үйінде тұра бастады. Күнде інірде Мишка оку құралынан әңгімелер, өлеңдер оқитын еді. Апасы мен Анна кемпір атасының жайынан ақырын әңгімелесіп отыруши еді. Бұлардың әңгімесінен Мишка алыста кеңес үкіметі деген жер бар екенін білді. Большевиктер сонда тұрады екен, Мишканың атасы да сонда екен, өздері тұрган Сібірден кеңес жеріне, атасына баруға болмайды екен. Хат жазуға да болмайды екен, Колчак жібермейді екен...

Бір күні Анна кемпір бір жаққа барып, үйге келісімен Мишканың апасына былай деді:

– Бір таныс адам жасырынып кеңес жеріне, большевиктерге кетпекші. Хат жазып, содан беріп жіберу керек.

Мишканың апасы қуанып, дереу отырып хат жаза бастады. Мишкаға:

– Мишка-тай, сен де атаңа хат жаз,— деді.

Мишка жалма-жан ойынды тастай беріп, қарындаш, қағаз алып, әліппедегі ірі-ірі қаріптермен былай деп хат жазды: «Атама көп сәлем. Ата, денің сау ма? Амансың ба? Біз, апам екеуіміз, аман-есенбіз. Анна деген әжем бар. Эжем

мені жақсы көреді. Кітап сатып әпереді, ойыншық сатып әпереді. Апам мені күн сайын көшеге шығарады. Әжемнің «Доп» деген күшігі бар еді. Біреу нанға ине салып берілті. Бір-ақ күнде өліп қалды. Ата, өзің неге хат салмайсың. Хат салсаңшы, бірақ хатты менің өзіме жеке жаз, апама бөлек жаз. Ата, мен мынау хатты өзім жазып отырмын. Ешкім былай жаз деп айтқан жоқ. Ата, біз сенен хат күтеміз, апам да күтеді, әжем де күтеді, мен де күтемін. Ата, тез жаз, осы хатты жазған: Мишкан».

Екі күннен кейін Мишкалардың үйіне қара тон киген, басында қоян құлақшыны бар, аяғында ұзын қонышты пимасы бар біреу келді. Апасының да, Мишканың да хатын алдып кетті.

2

Айнала қар басқан мидай дала. Жолсыз даламен қара тон киген, қоян құлақшыны бар, пималы біреу кетіп барады.

Бір мезгілде жел қатайып, боран соғып кетті.

Жел жаяу жолаушының қарсы алдынан. Долы жел бетке сабап, жүргізбей келеді. Жолаушы бірақ боранды тында-май, құлақшының баса киіп алып, тұра тартып барады.

Жел күшегеннен күшнейді. Құрілдеді, дүрілдеді. Секірп биледі. Өкіріп тулады. Пысқырынып, ысқырынып, қарды бұрқыратып боратты. Алай-дүлей қылды. Тістеніп төніп келіп, жолаушыға:

— Батырамын, қатырамын, үсітемін, өлтіремін, қа-а-айт!— дейді.

Жолаушы тындаған жоқ. Кетіп барады.

Ол неге қайтын! Төс қалтасында Мишканың хаты бар. Мишканың хатын атасына тапсыру керек қой.

Ай, қарға малтығып жолсыз жермен желге қарсы жүрудің қындығы-ай!

Жолаушы шаршады. Қалың қардан аяғын зорға суырып, ілбіп келеді. Бір мезгілде демалайын деп тоқтады.

— Кішкене демалып, әл жинап алайын. Болмаса мүлде әлден тайып, ауылға жете алмай қалармын. Ауыл енді

жақын болса керек,— деді.

Сөйдеп, жолаушы қар үстіне отыра кетті. Біраз отырган соң ұйқысы келе бастады.

— Қой, жүру керек. Ұйқтасам, қайтып оянбаспын, қатып қалармын,— деді.

Сөйтіп тұрайын деп еді, иығынан бірдене басқандай мен-зен болып тұрғысы келмеді.

— Жарайды, кішкене отыра тұрайын. Сонан соң жүрермін,— деді. Көзін жұмды. Ішіме жел кірмесін деп, еңкейіп бүрісіп отырды.

Боран бұрынғыдан қатайып кетті. Үзғырық жел ысқырып, сақылдап күліп, санын шапақтап секіріп, ұршықтай үйіріліп билеп тұр.

Жолаушының құлағына қобыздың үні естілгендей болды. Жолаушы қобыздың қүйін тындалап отырып ұйқтап кетті...

Таң ата жел басылды. Боран ашылды. Жарқырап күн шықты. Даланы басқан қар жұлдыздай жымындал, ак оқадай жарқ-жүрқ етіп жатыр...

Коян құлақшынды жолаушы анадай дөңге қонған қара құстай шөкип отыр. Қара тонның астында, қатып соқпай қалған жүрегінің үстінде, төс қалтада Мишканың атасына жазған хаты бар.

Төртінші тарау

1

Мишканың әкесі – Киселев жолдасқа большевиктер үлкен бір жұмыс тапсырды: «Колчак жеріне барып, онда қалған большевиктерді тауып алып, оларға бұлай-бұлай деп айтып, өзің мұнда, кенес жеріне қайтып кел», – деді.

Мишканың әкесі қуанып разы болды: «жұмысты да орындармын, қосағым мен Мишкамды да көріп қайтармын», – деді.

Сөйтіп, Киселев жолдас жол жабдығына кірісті.

«Наташа мен Мишка-тайым қатты сағынған шығар-ақ.
Енді көрісеміз. Қалай куанар екен!»— деп, өз-өзінен құліп
қояды.

2

Киселев жолдас Колчак жерінің шетіне шойын жолмен
үш күнде келеді.

Енді жасырынып, жаяу мынау қар жамылған жалпақ да-
ладан көзге түспей аман өтсе, Сібірге кіреді. Сібірге кірген
соң қатын-баласын қалайда тауып алады ғой.

Киселев Мишкамды жуырда көремін ғой деп куанып,
өз-өзінен құліп келеді. Қөнлі қуанышқа толғандықтан,
күшіне күш қосылғандай болып, соны қарды бөгеу көрмей
тура тартып келеді.

— Тек Колчак қарауылшыларының қолына түсіп қалма-
сам жарап еді,— деп жан-жаққа елегізіп, қаранып келеді.

Бір мезгілде алыста бір қара көрінді.

— Бұл не болды екен,— деп ақырынырақ жүріп, көзін
алмай қараға қарап келеді. Құс па, адам ба, біліп болмайды.

Жақындалап келді. Қараса еңкейіп отырған адам.

Үстінде қара тон, басында қоян құлақшыны, аяғында
үлкен пима. Белуарынан аса қар басып қапты. Киселев
жақындалап келіп, отырған адамның бетіне қарады. Үлкен
адам.

— Өй, бейшара-ай,— деп аяп, күрсініп біраз түрді да,
Киселев жөніне жүріп кетті.

— Кім біледі, сорлының мен сықылды сағынған баласы
бар шығар-ау,— деп ойланып келеді. Бір мезгілде тоқтай
қалды.

— Кім біледі, қалтасында қағаз-мағазы бар шығар кім
екендігін, қайда шыққандығын жазған. Біліп, бәлкім,
тысқандары ұшырап қалса, айтуды керек қой,— деді.

Киселев үлкен адамға қайта келіп, қалталарын актарды.
Төс қалтасынан бірнеше хат суырып алды. Хаттың адрес-
терін оқи бастап еді, бір мезгілде таң-тамаша болды. Беті
құбылып, қолы дірілдеп кетті.

Бұл не тамаша? Киселевтің өзіне жазылған хат! Өнді ме, түсі ме? Жоқ, өні. Хаттың тысында «Мәскеу, Дмитрий Иванұлы Киселевке» деген ап-анық жазу бар. Қол қатынының қолы.

Киселев дірілдеп, жалма-жан конвертті жыртып, ішінен екі хат алды: біреуі – зайыбының, біреуі – Мишканың хаты.

Мишканың хатын оқығанда жүргегі аттай тулап, қолы қалышылдаپ, қағазды дұрыс ұстап тұра алмады. Хатты оқып болған соң, бүктеп төс қалтасына салып, Мишканың хатын тапсырған үлкен жолаушыны тағы аяп күрсініп біраз тұрып, жөніне жүріп кетті.

Енді, әрине, катын-баласының қайда екенін білді.

Қас қарайып барады. Алыстан ауылдың оты көрінді.

Ауылға соқпайын деп Киселев аттанар жағына қисая жүрді. Бір мезгілде қарсы алдынан сайдан үш адам шыға келді.

– Тоқта, кімсің? Қайдан келесің?

– Инішектер, өз адамыңмын. Большевиктен қашып келемін!

Солдаттар қарқылдаپ құлді:

– Оп-оңай нандыра қоямын деп тұрсың-ау, тағы не өтірігін бар. Соқ! – деді.

– Бастыққа алып бару керек. Кім екендігі, қайдан келе жатқандығы сонда мәлім болады. Максимов, сен алып бар, – десті.

Максимов деген солдат Киселевті алып жүрді. Киселев алдында, солдат мылтығын кезеңіп артында келеді. Киселев бастыққа жеткенше қалайда қашып құтылу керек деп ойлап келеді. Бастыққа барған соң, сөз жоқ, абақтыға жабылады. Мүмкін атып та тастанар.

Босатпас па екен деп солдатқа сөз қатты:

– Инішегім, жолымнан қалдырмай жіберсөң дұрыс болар еді! – деді.

Солдат:

– Сөзді қой. Жүре бер! – деді.

Екеуі ауылға келіп қалды. Ауылдың тап іргесінде өзенгө салған тар көпір бар екен.

Көпірдің ортасы кезінде Киселев кенет бұрылып солдатты итеріп кеп жіберді. Солдат қалпақтай түсіп, омбы оппа қарға жоқ бол кетті. Киселев жан дәрмен-пәрменімен ұшып жүгіріп, бір үйдің сыртында үйлген мая соломға барып тығылды. Кеулең кіріп, құлағын түріп жатты.

Мылтық атылды. Айқай-ұйқай дауыс шықты. Біраздан соң дауыс, дыбыс басылып, түн болған соң, солом ішінде маужырап, жылнып ұйқтап кетті.

Тұнімен, ертеңіне құнімен сол жерде болды. Ертеңіне қас қарай соломнан шығып, ептеп ауылдан құтылып, жөніне жүріп кетті. Ұзамай бір үлкен тақтай жолға түсті.

Тақтай жол таң ата шойын жол станциясына алып келді. Поезды күтіп, билет алып, поезга мініп, аман-есен екі қунде қатын-баласы тұрған қалаға келді.

Бесінші тарау

1

Қалада Киселев Ломов деген ескі жолдасын тауып алып, соның үйіне түсті. Ломов большевикке іштен тілеулес адам еді.

Киселев келген күні-ақ қатын-баласы тұрған үйді ізден тапты. Көшенің бұлар тұрған үйге қарсы екінші жағымен әлденеше рет жүріп, «не қатынымды, не Мишкамды көрмес пе екенмін» деп терезеге қарады.

Алыстан болса да, көрсе, мейірі қанаң еді-ау. Үйге кіріп барса, Наташа мен Мишкасы қалай куанаң еді! Жоқ, кіруге жарамайды. Шыдау керек. Кім біледі, үйде бөтен біреу бар шығар. Мишка да әлі есі кірмеген бала. Атам келді деп біреуге айтып қояр. Мишка ә дегендеге танымас еді. Дегенмен даусынан таныр еді.

Киселев терезеге қарап тұрып-тұрып, ауыр күрсініп, пәтеріне кетті...

Бұдан кейін тағы әлденеше рет осылай көшеде тұрып, терезеге қарады. Бір күні терезеден Мишканы көріп қалғандай болды. Өзінің осы қалада екенін қатынына қалай білдірудің

жайын ойлады: «Хат жазсам ба екен. Жоқ, жарамас. Хат басқа біреудің қолына түсіп қалуға мүмкін. Почтада хатты ашатын да шығар. Жоқ, хат жазуға жарамайды».

Әрі ойлап, бері ойлап, Киселев ақыр аяғында осы қалада қатын-баласы барлығын Ломов жолдасқа айтты.

– Сен ретін тауып қатыныма хабар қыл,— деді.

Ломов:

– Жарайды. Мен реттейін,— деді.

Сол күні кешке Ломов Киселевтің қатыны тұрған үйге барды.

– Маған Наталья деген әйел керек еді,— деді.

Наташа жат адамға қарап таң болды.

– Іздеген адамыңыз мемнін. Сізге не керек?

– Сізге айтатын сөзім бар еді.

Наташа боп-боз болып кетті. Бұл не айтпақ?

Әлде ерінен хабар әкелді ме екен?

– Не сөз? Айтыңыз!

Ломов қөзімен Мишкаға ишара қылды да:

– Мүмкін болса, көшеге шыққаныңыз дұрыс болар еді,— деді.

Наташа Мишка алдында айтуға жарамайтын сөз екендігіне түсінді де, киініп, көшеге шықты.

Денесі қалш-қалш етіп, мұздап кеткендей болды.

Ломов:

– Бір адам сізге жолықпақшы. Сізді білетін адам,— деді.

Наташа тоқтап ойлады: «Мынау бұрын тіпті көрмеген адамға сенуге болар ма екен? Әлде алдан торға түсірем деген жұмыс па?»

Әрі-бері ойлап, Наташа ақырында тәуекел қылмақ болды. Бәлкім, ерімнен бір хабар алармын деген үміт еліктірді.

– Жарайды, жүріңіз.

Екеуі Ломовтың үйіне келді. Ломов Киселев тұрған бөлменің есігін ашып:

– Міне, осында кірініз,— деді.

Наташа жүргі токтап бөлмеге кірді. Сақал-мұртын қырған бір адам құшағын жайып қарсы шықты.

– Наташа!

– Дмитрий, Дмитрий!

Наташа ерінің құшағына кіріп, әрі жылады, әрі күлді.

– Дмитрий, қорғаным!

– Наташам... Жүдеп қалған екенсін... Тұрмыстарың қалай болды? Мишкам қалай?

Наташа еріне бастан кешкен оқиғаның берін айттып шықты.

Дмитрий мен Наташа былайша сөз байласты: Наташа Мишканы алыш сурет көрсететін театрға – киноға бармақ болды.

Киселев та сол театрға барып, алыстан болса да қарашығы – Мишқасын көрмек болды.

3

Наташа пәтеріне қайтқанда Мишка ұйқатап жатыр еді. Ертемен оянған соң, Мишканың есіне кеше келген кісі түсіп, апасына:

– Апа, кешегі кісі саған не айтты? – деді.

Апасы жымып күлді.

– Ол кісі кешке таман Мишканы алып киноға бар, Мишкаға ойын көрсет деп айтты, – деді. Мишка апасына сеніңкіремей қарады:

– Шын ба?

– Шын, шын.

Кешке екеуі киноға барды. Киселев та келіп, бұлардың артында тұрып билет алып, сурет көрсететін үлкен бөлмеге кіріп, Мишканың артындағы орындыққа отырды.

Мишка суреттерге қарап, жазылған сөздерді буынға бөліп дауысталап оқып отыр. Қылығы балдан тәтті.

Киселев суретте жұмысы жоқ. Көнілі, көзі Мишкада... құлышының алдына алып, құшақтап, искеп-иіскеп сүйгісі келіп барады. Бірақ, не керек, бұлай қылуға жарамайды.

Әттең, дүние-ай, көз алдында отыр ғой, көз нұры қуатынды, балдай бөбекінді құшақтап сүйе алмағандықтан өмірде ауыр не бар дейсің!

Апасы бұрынғы әдетінше Мишканы күнде серуенге алып шығып жүрді. Бірақ енді ылғи Киселев тұрған көшеге алып баратын болды. Мишка мұның мәнісін біле алмады. Ол қаланың үлкен көшесінде серуен құруды жақсы көретін еді. Онда дүкендердің әйнектеріне қойған суреттерге қараитын еді.

– Апа, үлкен көшеге неге алып бармайсың? Ылғи жаман көшеге алып баrasыз?

– Бәрібір ғой, қарағым. Қайта кісі аз жүретін көшенің ауасы жақсы болады.

Киселев тұрған үйдің тап қарсысында, көшенің қарсы қабырғасында бір ағаш орындық тұруши еді. Сол орындық тұсына келгенде апасы:

– Мишка-тай, шаршадың ба? – дейтін еді.

– Жоқ, шаршағам жоқ.

– Мен шаршап қалдым. Кішкене отырып демалайық.

Сөйтіп, екеуі орындыққа отыратын. Киселев әйнекке келіп зайыбы мен Мишкасына қарап тұратын.

Наташа мен Мишка отырып-отырып, қайтпақ болып тұрғанда Киселев үйден шығып, көшенің екінші қабырғасымен бұлардан сәл кейінірек жүріп отыратын. Дүкендердің маңдайындағы ірі жазуларды Мишканың дауыстап тұтыға-тұтыға оқығанын тыңдал, төбесі көкке жеткендей болатын. Атасы Мишканың жүзін анық көрсін деп Наташа тоқтап, көшенің Киселев келе жатқан қабырғасындағы ірі жазуларды нұсқап:

– Мишка-тай, анау жазуды оқи аласың ба? Ай, оқи алмассың, – дейтін. Мишка:

– Ие саған, оқи алмас! Мен қазір оқып берейін! – деп қарсы қабырғаға бұрылышп, тәштиіп тұрып, қабағын түйіп, тұтыға-тұтыға оқи бастайтын. Сонда атасы Мишкасының жүзін анық көріп, құлышын құшақтап, иіскең сүйгендей болатын.

Бір күні апасы Мишкаға хат әкелді.

— Мишка-тай, міне, саған атаңнан хат келді,— деді. Мишка ұшып апасына барды:

— Қане, қане, бер!

Апасы бір жапырақ қағазды ұстата берді. Қағазға ірі қаріптермен мына сөздер жазылған еді: «Қараышым, Мишка-тайым. Міне, саған өзіңе жеке хат жаздым. Сенің хатынды алдым. Мен аман-есенмін. Сені қатты сағындым. Жуырда қайтамын. Бірак «атам келеді» деп тірі жанға айтпа. Айтсаң, мен қайта алмай қаламын. Апаңа, әжеңде көп сәлем айт. Апаң мен әжеңнің тілін ал. Қалқам, құлыным, бауырыма қысып сүйемін. Жазған: атаң».

Мишка хатты күн бойына әлденеше қабат оқып шықты. Күн бойына бұрынғыдай жадырап отырмай, бірденені ойлап жүрді. Түнде шешініп жатайын деп отырып, хатты апасына беріп:

— Апа, мынау хатты тығып қой. Біреу-міреу көріп қоймасын,— деді.

— Кім көретін еді?

— Тағы солдаттар келсе... кім біледі...— деді.

Апасы құлімсіреп:

— Жарайды, жаным, тығып қоямын,— деді.

Көзі ұйқыға кетіп бара жатып, Мишка:

— Апа, мен атамның хат жазғанын тірі жанға айтпаймын,— деді.

— Жарайды, қозым, айтпа... енді ұйқтай ғой, еркем. Мишка түн бойына жақсы түс көріп, ылғи құлімсіреп жатты.

Бір күні апасы Мишкаға:

— Серуендер шығасың ба?— деді.

— Жоқ, қазір шыққым келмейді.

— Атқа мініп жүргің келе ме?

— Келеді.

— Ендеше жүр.

Екеуі шығып биржевой жалдап бір жаққа қарай кетті.

Шығармалары

Бір мезгілде бір үлкен үйдің қақпасының алдынан тоқтап, екеуі биржевойден тұсті.

– Апа, біз қайда барамыз?

– Осы үйге қонақ болғалы келдік. Қонақ болғың келе ме?

– Келеді.

Екеуіне Ломов есік ашты. Мишканы еркелетіп, арқасынан қақты. Мишканың қолынан жетектеп, апасы мен екеуін бір бөлменің алдына алып келіп, бөлменің есігін ашты:

– Қане, жігіт, үйге кір,— деді.

Мишка кіре беріп еді, сақал-мұртын қырған ұзын бойлы бір кісі Мишканы көтеріп алып, құшақтап сүйе бастады.

– Құлымынам, Мишка-тайым, айналайын, айналайын!— деді. Мишка аң-таң болып ожырайып бетіне қарап тұрды да:

– Ата!— деді.

– Ие, ие, атаңмын, күнім, атаңмын. Жуырда келем деп жазып едім ғой. Міне, келдім.

Мишка алақанымен атасының қырған сақалының орнын сипап:

– Ине сықылды ғой. Сақалың қайда?— деді. Күн батып, қас қарайғанша Мишка атасының жанында болды. Жұрт орынға отыра апасы:

– Қане, Мишка, қайтайық,— деп еді, Мишка кішкене томсарып тұрып жылап жіберді.

– Атам қайтпаса, мен де қайтпаймын.

– Мишка, жаным, маған үйге қайтуға жарамайды, мен тағы кетемін.

– Мен де сенімен бірге кетемін!

Атасы күлді.

– Жоқ, құлымынам. Сен өсіп үлк-е-ен жігіт болғанда, большевик боласың. Сонда екеуіміз ылғи бірге жүреміз,— деді,

Өксіп жылап отырған Мишка көзінің жасын сұртіп:

– Жарайды, ендеше мен тез өсіп, большевик болайын,— деді.